

кафедра: Кәсіпорын экономикасы және менеджмент  
пән: Экономика негіздері

5-тақырып.

# Сұраныс және ұсыныс теорияларының негіздері

**Автор: э.ғ.м, аға оқытушы Жуманбаева Т.К.**

A hand holding a pen over a document with a cityscape background. The hand is positioned as if about to write on the document. The background shows a city with buildings and a grid pattern, possibly representing a city plan or a document layout.

## Жоспар:

1. Сұраныс және ұсыныс теориялары
2. Нарықтағы тепе-теңдік
3. Сұраныс және ұсыныс икемділігі


## 1. Сұраныс және ұсыныс теориялары

Сұраныс нарықтық баға қалыптастырудың бір жағы.

**Сұраныс**- белгілі бір уақытта, қалыпты баға жағдайында сатып аланатын тауарлар саны. Ақша қаражатымен қамтамасыз етілген сұраныс **төлемқабілетті сұраныс** деп аталынады.


Сұранысқа көптеген факторлар әсер етеді, солардың ең маңыздысы-**баға**. Бағамен сұраныс арасында кері байланыс, баға өскен сайын сұраныс төмендейді және керісінше. Осы байланыс **сұраныс заңы** деп аталынады. Бұл байланысты қисықта көрсетуге болады.

Графиктегі  $D$  қисығы сұраныс қисығы,  $P$  –баға,  $Q$ - сұраныс көлемі.  $D$  қисығы солға төмен орналасқан, себебі бағамен сұраныс арасындағы байланыс кері. Сұраныс көлемінің графикалық өзгеруі **сұраныс қисығының бойымен жылжуды** білдіреді. Сұраныс қисығының бойымен жылжуы, баға өзгеруінің салдарынын тауарды сатып алу көлемі азайғанда байқалады. Сонымен қоса егер сұраныс бағалық емес факторлер әсерінен өзгертін болса, қисықтың өзінде ығысуы мүмкін.



**Бағалық емес факторлерге келесілер жатады:**

- **тұтынушылық талғамның өзгеруі;**
- **сатып алушылар саны;**
- **тұтынушылар табысы;**
- **алмастырғыш және байланысты тауарлар бағасы;**
- **сатып алушылар күтулері;**





**Ұсыныс**- өндірушінің нарықта сататын тауарларының саны. Баға жоғарлаған сайын өндірушілердің нарықта сатқысы келетін тауарларының саны артады және керісінше. Баға және ұсынылатын тауарлар саны арасындағы тура байланыс **ұсыныс заңы** деп аталынады. Бұл байланысты графикте ұсыныс қисығы түрінде беруге болады.

Графиктегі  $S$  қисығы ұсыныс қисығы,  $P$  –баға,  $Q$ -сұраныс көлемі.  $S$  қисығы оңға жоғары орналасқан, себебі бағамен сұраныс арасындағы байланыс тура. Ұсыныс көлемінің графикалық өзгеруі **ұсыныс қисығының бойымен жылжуды** білдіреді. Сұраныс қисығының бойымен жылжуы, баға өзгеруінің салдарынын тауарды ұсыну көлемі өзгергенде бақалады. Сонымен қоса егер бұрыңғы шығындар көлемінде ұсынылатын тауарлар саны артса, ұсыныс қисығы оңға ығысады, ал тауарлар саны азайса, солға ығысады.

Ұсыныс қисығының ығысуы бағалық емес факторлер әсерінен болады, ол факторлер:

- ресурстар бағасының өзгерісі;
- технология;
- салық және дотациялар;
- басқа тауарлардың бағасы.



## *2. Нарықтағы тепе- теңдік*


Нарықта сұраныс пен ұсыныс әрдайым бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болады.

Сұраныс және ұсыныс қисықтарын бір графикке орналастыру арқылы нарық тепе-теңдігін көрсетуі болады. Бұл сызбаны кейде Маршалл кресті деп те атайды. Егер сұраныс көлемі мен ұсыныс көлемі теңессе, онда мұндай жағдайды нарық тепе-теңдігі деп атайды және бұл теңдестікке сәйкес келетін баға - тепе-теңдік баға ( $P_1$ ), ал тауарлар көлемі - тепе-теңдік көлемі ( $Q_1$ ) деп аталады.

Баға  $P_1$ -ге тең болғанда ғана сұраныс көлемі ұсыныс көлеміне тең болады ( $Q_D = Q_S$ )

Суреттегі  $S$  және  $D$  қисықтарының қиылысу нүктесі тепе-теңдік жағдайы деп аталып,  $P_0$  - теңдестік бағасын, ал  $Q_0$  сұраныс пен ұсыныс бір-біріне тең болатын теңдестік көлемін көрсетеді.





Егер баға тепе-тең бағадан жоғары болса, ұсыныс сұраныстан артық болады. Ұсыныстың сұраныстан артық болуы - тауар **артықшылығына** әкеледі. Ал тепе-тең бағаның төмендеуінен сұраныстың ұсыныстан артық болуы- **дефицитке** әкеледі.

### *3. Сұраныс және ұсыныс икемділігі*

Сұраныс пен ұсыныс көптеген факторлардан тәуелді және осы факторлардың өзгеруіне қарай олар да өзгереді. Икемділіктің мағынасы осындай өзара өзгерістерден туындайды.

**Икемділік** - бұл белгілі бір фактордың 1% өзгеруіне жауап ретінде сұраныс пен ұсыныстың қанша процентке өзгергенін анықтайтын көрсеткіш. Ол көрсеткіш проценттік өзгеру қатынастарымен анықталады.

Икемділік ЭТ маңызды түсініктерінің бірі. Өз өніміне сұраныстың икемділігін дұрыс анықтай отырып фирма мүмкін болатын шығындар мен пайдасын анықтай алады.

Сұраныс икемділігі

Ұсыныс икемділігі

Баға  
бойынша

Табыс  
бойынша


Қиылыспалы

Сұраныстың бағалық икемділігі – тауар бағасының 1% өзгеруі сол тауарға деген сұраныстың қанша процентке өзгертетінін көрсетеді, яғни бұл көрсеткіш сұраныс көлемнің осы тауар бағасының өзгеруіне сезімталдығын анықтау үшін қолданылады

$$E^D P = (\Delta Q / Q_d) / (\Delta P / P)$$


Сұраныстың бағалық икемділігін анықтаған кезде тауарға деген сұраныс төмендегідей бес түрге бөлінеді:

1.Егер $E^d(p) > 1$ ,	онда сұраныс икемді, демек бағаның бір процентке өзгеруі сұраныстың одан артық процентке өзгеруіне әкеледі;
2.Егер $E^d(p) < 1$ ,	онда сұраныс икемсіз, демек бағаның бір процентке өзгеруі оған деген сұраныстың қажет көлемге өзгеруіне әкелмейтіндігін, немесе бұл өзгеріс бағаның өзгерісінен аз болатындығын көрсетеді.
3.Егер $E^d(p) = 1$ ,	онда бірлік икемділікті сұраныс, демек бағаның бір процентке өзгеруінен тауардың көлемі сол мәнге өзгертіндігін көрсетеді.
4.Егер $E^d(p) = 0$ ,	сұраныстың нольдік икемділігі, демек бағаның өзгеруінен сұраныстың өзгеруі болмайды.
5.Егер $E^d(p) = \infty$ ,	шексіз икемділікті сұраныс, демек бағаның кез-келген шексіз өзгеруі сұраныстың шексіз өзгеруін тудырады.



**Сұраныстың табыстық икемділігі** – бұл көрсеткіш тұтынушы табысының 1% өзгеруі осы тауарға деген сұраныстың қанша процентке өзгертiнен көрсетедi. Бұл коэффициент тауардың сапалылығын анықтайды.

$$E^P_I = (\Delta Q/Q_d)/(\Delta I/I)$$



Бірін - бірі алмастыратын және толықтыратын тауарлардың болғандығынан, бір тауардың бағасының өзгеруі екінші тауардың сұраныс көлемінің өзгеруіне әсер етеді. Бұл байланысты анықтау үшін **сұраныстың қиылысқан икемділігі** деген көрсеткіш қолданылады. Бұл көрсеткіш  $Y$  тауарының бағасы 1% -ке өзгерген кезде  $X$  тауарынан сұраныс көлемі қанша процентке өзгертетінін көрсетеді.

$$E_{xy}^D = (\Delta Q/Q_d) / (\Delta P_y/P_y)$$

мындағы  $\Delta Q/Q_d$  –  $X$  тауарына сұраныстың өзгерісі;

$\Delta P_y/P_y$  -  $Y$  тауарына бағаның өзгерісі.

**Ұсыныстың икемділігі – бұл бағаның 1% -ке өзгеруі ұсыныс көлемінің қанша %-ке өзгертетінін анықтайтын көрсеткіш.**

$$E^S_P = (\Delta Q/Q_s)/(\Delta P/P)$$



# СӨЖ тапсырмасы:

- \* 1. Доғалық және нүктелік икемділіктің формулалары.
- \* 2. Тұтынушы іс-әрекетінің теориясы.
- \* 3. Икемділік теориясының тәжірибеде қолданылуы.